

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 120 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің орынбасары Ж.Е. Мәкеноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Базарханов

Тимирязев ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29
сәуір № 120 қаулысына қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының тізімі

1. "Тимирязев ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарынның үлесін бекіту туралы" 2013 жылғы 21 қарашадағы № 339 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2431 тіркелді, "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2013 жылғы 28 желтоқсанда жарияланған).

2. "Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған адамдар үшін, және интернаттық ұйымдардың кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 81 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3246 тіркелді, "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2015 жылғы 23 мамырда жарияланған).

3. "2016 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау және нысаналы топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесін белгілеу туралы" 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 257 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3543 тіркелді, "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2016 жылғы 3 ақпанда жарияланған).

4. "2016 жылы Тимирязев ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы"

2015 жылғы 21 желтоқсандағы № 260 қаулысы (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3561 тіркелді, "Көтерілген тың", "Нива" газеттерінде 2016 жылғы 3 ақпанда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК